

23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні.

Мереке Халықаралық Кітап баспа Ассоциациясының ынтасымен 1969 жылдан тойланып келеді. Биылғы жылы бұл күн Шымкент қаласының орталық саябағында, қаланың қос кітапханасының бірігіп ұйымдастырумен “Кітап- сарқылмас рухани әлем” тақырыбында өтті.

Іс-шараға қала қонақтары, оқушылар, жасөспірім балалар және де іс-шараның басты қонақтары болып Шымкент қаласының зиялы қауым өкілдері қатысты. Мектеп оқушылары өсем әндері мен белгілі ақындардың өлеңдерін оқып, керемет күйлерін тарту етті.

Арнайы және Әл - Фараби атындағы ғылыми - әмбебап кітапханаларының қызметкерлері мерекеге орай өздерінің керемет дайындықтарын көрсетті.

Іс-шараның басты қонақтары - кітап әлемінен келген “Кітап патшасы” мен “Білім ханшайымы” қала тұрғындары тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болып, тамаша көңіл - күй сыйлады.

Қос кітапхана биылғы “Балалар жылына” арнап, ақын жазушылардың туындыларынан кітап көрмесін ұсынды.

Осы мерекеге Арнайы кітапхананың тұрақты оқырмандары да келіп, өздерінің ән-шашуларын тарту етті.



